

**Техникалық сипаттама  
(ЛОТ №16)**

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Сипаттамасы</b>	<b>саны</b>
1	Көп арналы дозаторлардың жиынтығы	<p>Көлемі реттелетін көп арналы пипетка-дозаторлар жиынтығы, көлемдік диапазондары: 0,5–10 мкл, 10–100 мкл, 20–200 мкл. Әр көлем – 1 данадан.</p> <p>Коникалық ұштық:</p> <p>Ультракүлгін (УФ) сәулелерден қорғайтын</p> <p>Химиялық әсерлерге тәзімді</p> <p>Соққыга тәзімді материалдан жасалған</p> <p>Поршень және ұштық материалы:</p> <p>Жоғары сапалы тот баспайтын болат</p> <p>Алмас тәрізді көміртекпен (DLC – Diamond-Like Carbon) қапталған</p> <p>DLC жабындысы – өте тозуга және коррозияға тәзімді</p> <p>Тұтқалар:</p> <p>Әртүрлі пішін мен материалдан жасалған ауыстырмалы тұтқалар жиынтығымен жеткізіледі</p> <p>Пайдалануышының қолына бейімделуге мүмкіндік береді</p> <p>Тұс бойынша кодтау:</p> <p>Әр пипетканың көлеміне сәйкес түспен белгіленеді (стандартты кодтау жүйесі)</p> <p>Стерилизациялау:</p> <p>Пипетканы 121 °C температурада автоклавта стерилизациялауға болады</p> <p>Автоклавта стерилизациядан кейінгі құрылымының тұрақтылығы сақталады</p>	10
	<b>Барлығы</b>		10

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры**

  
А.Ошибаева

**1 Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кенсе басшысы**

  
А.Айымбетова

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске косу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілу тиіс

Әлеуетті жеткізуши Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушиңің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаган болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушиден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.